

Мәслихаттың 2018 жылғы 25 мамырдағы № 253 "Жер салығының базалық мөлшерлемелерін түзету туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Қостанай облысы Лисаков қаласы мәслихатының 2023 жылғы 23 қарашадағы № 56 шешімі. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2023 жылғы 27 қарашада № 10093 болып тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы Лисаков қаласы мәслихатының 2026 жылғы 13 ақпандағы № 223 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Қостанай облысы Лисаков қаласы мәслихатының 13.02.2026 № 223 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Лисаков қалалық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Мәслихаттың "Жер салығының базалық мөлшерлемелерін түзету туралы" 2018 жылғы 25 мамырдағы № 253 шешіміне (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7807 болып тіркелді) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген шешімнің тақырыбы жаңа редакцияда жазылсын:

"Лисаков қаласында жер салығының базалық мөлшерлемелерін түзету туралы";

кіріспе жаңа редакцияда жазылсын:

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық кодексі)" (бұдан әрі – Кодекс) 2017 жылғы 25 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Кодексінің 510-бабына сәйкес және Лисаков қаласының жерлерін аймақтарға бөлу схемасы негізінде Лисаков қалалық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:"**

көрсетілген шешімнің 1-тармағы жаңа редакцияда жазылсын:

"1. Осы шешімнің қосымшасына сәйкес Лисаков қаласында жер салығының базалық мөлшерлемелерін түзетуді жүзеге асырсын.

Осы тармақтың ережесі Кодекстің 509-бабында көрсетілген жер учаскелеріне қолданылмайды.";

көрсетілген шешімнің қосымшасы осы шешімнің қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы шешім 2024 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

Қалалық мәслихат хатшысының төрайымы

К. Мухамадиева

Лисаков қаласында жер салығының базалық мөлшерлемелерін түзету

№ р/с	Аймақтың нөмірі	Жер салығының базалық мөлшерлемелерін төмендету (-) немесе жоғарылату (+)
1	1	+50
2	2	+40
3	3	+30
4	4	0